

## БОЛАШАҚ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ ПЕДАГОГТЕРІН КӘСІБИ ДАЯРЛАУДАҒЫ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

<sup>1</sup>Ахметшина Г.У., <sup>1</sup>Сейдина М.З., <sup>2</sup>Нигметов К.У. а, <sup>1</sup>Есимова Н.Б.

<sup>1</sup>Қазақ ұлттық спорт университеті

<sup>2</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Хат алмасу үшін автор: Нигметов К.У. [kanatnigm@gmail.com](mailto:kanatnigm@gmail.com)

**Аңдатпа.** Мақалада спорт саласындағы кәсіби мамандарды даярлау барысындағы инклюзивті білім беру мәселелері мен оны шешу жолындағы толеранттылық компоненттері қарастырылады. Инклюзивті білім беру мәселелерінде болашақ дене шынықтыру және спорт саласының кәсіби бағыттылығын ескере отырып шешудің мәні мен қажеттілігі негізделеді. Авторлар Білім беру саласы бойынша алыс және жақын шетелдік ғалымдардың зерттеулеріндегі инклюзивті білім беру мәселелерін Oxford University Press және Passport «Euromonitor International», Б.Н. Ельцин атындағы президенттік кітапхана, Polpred, eLibrary, Google Scholar, Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы, Nauka.kz платформасы бойынша талдау жасап, инклюзивті білім беру мәселелерін шешудің технологиялары мен тәсілдемелерін айқындайды. Инклюзивті білім беру мәселелерін толеранттылықтың компоненттерімен байланыстырып Қазақ ұлттық спорт университетінде оқитын 1-курс студенттеріне сауалнама жүргізеді. Сауалнамаға «6B01407 Дене шынықтыру және спорт (IP)», «6B01406 Бейімдік дене тәрбиесі педагогы» Білім беру бағдарламалары бойынша 359 студент қатысады. Сауалнама барысында анықталған мәселелерді шешу мақсатында болашақ дене шынықтыру және спорт педагогтерінің инклюзивті білім беру мәселелерін шешу тетіктерін толеранттылық компоненттеріне сәйкес қарастырып, ұсыныстар беріледі.

**Түйінді сөздер:** инклюзивті білім беру, дене шынықтыру педагогі, кәсіби даярлау, медициналық модель, әлеуметтік модель, толеранттылық, қолайлы орта

**Кіріспе.** Қазіргі жаһандық білім беру жүйесінде инклюзивті білім беру адам құқықтарын қамтамасыз етуді ғана емес, әлеуметтік әділеттілік пен барлық білім алушылардың сапалы білім алуға деген тең қолжетімділік көрсеткішін көрсетеді. Бұл ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды ортаға бейімдеуде халықты әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау, білім беру, экономика, мәдениет, көлік, құрылыс және сәулетті басқару органдарының өзара байланысымен кешенді түрде мәселелерді шешу мен әлеуметтік оңалтудың біртұтас жүйесін әзірлеуді қажет етіп отырғандығын айқындайды.

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында [1]: «Біз ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін бірдей мүмкіндік жасауға міндеттіміз», – деп тұжырымдауы инклюзивті қоғамды дамытуда сапалы білім алуға қол жеткізу құқығы Қазақстан Республикасының заңнамасымен барлық білім алушылардың жеке мүмкіндіктері мен ерекше білім беру қажеттілігінің медициналық модельден әлеуметтік модельге көшу жағдайында инклюзивті білім беруді жүзеге асыру бағыттарын жетілдіруді көрсетеді.

«Қазақстанның инклюзивті білім беру саласындағы ЭЫДҰ ұсыныстарын іске асыруы» мониторингтік зерттеу қорытындысы бойынша келесі факторларға талдамалық-зерттеулер жүргізілді [2]:

- ҚР ағымдағы білім беру саясатының басым бағыттарының бірі – инклюзивті білім беру;

- Қазақстанның тиісті халықаралық құжаттарды, сонымен бірге ЮНЕСКО, ЮНИСЕФ, ЭЫДҰ т.б. халықаралық ұйымдардың ұсынымдарын қабылдауы мен ратификациялауы;

- БҰҰ ТДС-ның «сапалы білім беру».

4-мақсатының тұжырымдамасында көрсетілген: «инклюзивті, адал да сапалы білім беруді қамтамасыз ету мен өмір бойы барлық адамдар үшін оқыту мүмкіндігін ілгерлету» сипаттамасына сәйкес инклюзияның заманауи контекстінде сапалы білім беруге қол жеткізу.

Аталған факторлар жалпы инклюзивті процесті медициналық модельден әлеуметтік модельге көшуде жүзеге асырылатынын және мамандарды кәсіби даярлауда маңызға ие екендігін негіздейді. Өйткені, медициналық модель білім алушылардың денсаулығы бұзылуының болуы арқылы мүгедектікті анықтап, медициналық араласу, терапия және арнайы абилитациялық-оңалту шаралары арқылы бұзылуларды азайту бағыттары бойынша қызметін көрсетсе, әлеуметтік модель шеңберінде білім алушыларға қоғамда орын алып жатқан физикалық, ұйымдастырушылық немесе қарым-қатынас кедергілеріне, ақыл-ой мен стереотиптерге байланысты тең құқылы және барлығына білім алу кезінде тең мүмкіндіктер беру анықталады. Бұл барлық білім алушылар үшін тең құқықтар мен мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін мектептер мен білім беру ұйымдарын өзгерту арқылы медициналық модельден әлеуметтік модельге көшу жағдайындағы инклюзивті білім берудің теориялық және әдіснамалық негіздерін зерттеуді қамтамасыз ету қажеттілігін көрсетеді.

Сондықтан да, инклюзивті білім беру медициналық модельден әлеуметтік модельге көшу жағдайында болашақ дене шынықтыру және спорт педагогтерін даярлауда инклюзивті білім беру мәселелерін зерттеуді қажет етеді.

**Әдістер мен материалдар.** Білім беру саласы бойынша алыс және жақын шетелдік ғалымдардың зерттеулеріндегі болашақ дене шынықтыру және спорт педагогтерін даярлаудағы инклюзивті мәселелер зерделенді. Зерттеушілер дене шынықтыру саласындағы инклюзивті білім беру мәселелерін білім алушылардың санаттарына ғана емес (көру қабілеті бұзылған; есту қабілеті бұзылған; сөйлеу тілінің бұзылыстары бар; сөйлеу тілінің дамуы тежелген; тірек-қимыл аппараты қызметінің бұзылысы бар; зерде бұзылыстары бар; психикалық дамуы тежелген; эмоциялық-ерік әрекетінде және мінез-құлқында бұзылыстары бар) зерттеу дәрежесінің жан-жақты, кең мағынада (қабылдау ерекшеліктері бар; мигранттар; шығармашыл балалар; дарынды балалар; жетім балалар; оралмандар; мінез-құлқы мәселелері бар; оқудан шығарылған балалар; әлеуметтік тұрмысы төмен отбасылардың балалары; үлгерімі төмен балалар; физикалық бұзушылықтары бар балалар, т.б.) қарастырады. Тәжірибелі спортшылар инклюзивті білім берудің қағидаларына сәйкес дене шынықтыру және спорт саласында инклюзивті білім беруді тиімді жүзеге асыру маңызды екендігін, білім беретін ұйымдарда дене шынықтыру пәні негізгі пән ретінде білім алушылардың денсаулық жағдайын, қозғалыс белсенділігін, психоэмоционалдық тұрақтылығын қалыптастыратындығын атап көрсетеді.

Дене шынықтыру педагогтерін инклюзивті оқытуға дайындау туралы Селестино Т., Рибейро Э., Моргадо Э. Г., Леонидо Л., Перейра А [3], дене шынықтыру педагогтерін инклюзивті ортаға даярлаудың маңызы мен оны жүзеге асыру жолдарын Родригес Д., Лима-Родригес Л. [4], инклюзивті оқытуда болашақ дене шынықтыру мұғалімдердің даярлау сапасын бағалауға арналған құралдарын Рохо-Рамос Х., Гомес-Паниагуа С., Барриос-Фернандес С., Гарсиа-Гомес А., Адсуар Х., Саес-Падиля Х. и Муньос-Бермехо Л. [5], дене шынықтыруда ерекше қажеттіліктері бар білім алушыларды тәрбиелеудегі педагогикалық практикаларын Пакибот П.В.В.И., Покита Дж.К., Пуэнтенегра Э.Г., Пульго Дж.Л., Тандженте К.А.Т., Веларде К.Д., Кинко-Кадосалес М.Н. [6], инклюзивті білім беруде мамандардың бірлесіп жұмыс артқаруындағы дене шынықтыру мамандарының ерекшеліктері туралы Зак С. [7], дене шынықтыру сабақтарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың белсенділіктерін артыру жолдарын Ракаа О. Б., Бассири М., Лотфи С. [8] көрсетеді.

Біздің қарастырып отырған тақырыбымыздың аясында жарияланған ғылыми материалдарды базаларға сәйкес инклюзивті білім беру мәселелерін дене шынықтыру саласы бойынша келесідей талқыладық. Oxford University Press және Passport «Euromonitor International» бойынша:

- Білім алушылардың жеке басын құрметтеу, тұлғалықты дамыту, спорт түріне толеранттылық, білім алушылардың еркіндігі, үйлесімді тұлғаны дамыту, спорт саласындағы сыни ойлау, әлеуметтік әділеттілік, спорт түрлеріне сәйкес дараландыру және т.б.

Б.Н. Ельцин атындағы президенттік кітапхана, Polpred, eLibrary, Google Scholar бойынша:

- Тұлғалық тәсілдеме және жайлы орта қалыптастыру;
- Спорт түрлеріне сәйкес дараландыру;
- Инклюзивті білім берудің технологияларын дамыту;
- Инклюзивті білім берудің принциптері мен тәсілдемелерін ұстану;
- Инклюзивті білім берудегі цифрлық технология және т.б.

*Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы, Nauka.kz бойынша* қазақстандық ғалымдар «инклюзивті білім беру», «ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылар», «қолайлы орта», «инклюзивті модель» ұсынған және ғылыми жобаларда «инклюзивті қолдау», «инклюзивті саясат», «инклюзивті мәдениет», «инклюзивті тәжірибе» мәселелері көрсетілген. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру мәселелері педагогикалық мамандықтардың бағыттарына сәйкес педагогикалық тәсілдемелерге, технологиялар мен әдістерге негізделген.

Сонымен, дене шынықтыру саласындағы инклюзивті білім беру мәселелері зерттеушілердің ғылыми еңбектеріндегі инновациялық әдістер мен заманауи тәсілдемелерге негізделген білім алушылардың жас және дара ерекшеліктеріне сәйкес жүзеге асырылатын инклюзивті мәдениет пен тәжірибе болып табылады [9].

Дене шынықтыру саласындағы инклюзивті білім беру мәселелері болашақ педагогтерді даярлау үдерісінде әдістемелік тұрғыдан «Педагогикалық мамандыққа кіріспе» және «АКТ» оқу пәндеріне интеграциялау арқылы жүзеге асырылды. Зерттеу аясында Қазақ ұлттық спорт университетінде білім алатын 1 курс студенттері арасында сауалнама жүргізілді (Кесте 1).

Кесте 1 – Білім беру бағдарламалары бойынша инклюзивті білім беру мазмұны мен қолданылған оқыту әдістері

Білім беру бағдарламалары	Топтар	Студенттер саны	Қарастырылған тақырыптар	Қолданылған оқу іс-әрекеттері	Интерактивті әдістер
6B01407 Дене шынықтыру және спорт (IP)	IP 2515	31	Этика, адам құқықтары, мәдениет	Пікірталастар мен сайыстар; жобалық іс-шаралар	Рөлдік ойындар, кейстер, модельдеу
	IP 2517	30			
	IP 2519	30			
	IP 2521	32			
	IP 2523	31			
	IP 2525	32			
	IP 2527	31			
	IP 2502	34			
	IP2504	33			
6B01406 Бейімдік дене тәрбиесі педагогы	АРЕ 2502	20			
	АРЕ 2501	23			
Барлығы:		359			

Сауалнама сұрақтары инклюзивті білім беру мәселелерін анықтау бойынша келесі бағыттарда құрастырылды:

- Инклюзивті білім беру бойынша ұғымдарды білу;

- Болашақ дене шынықтыру және спорт педагогтері инклюзивті білім беру бойынша нормативті-құқықтық құжаттарды түсіну;

- Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету;

Сауалнама нәтижелерін өңдеу барысында алынған деректер пайыздық көрсеткіштер арқылы талданды. Пайыздық үлес келесі формула бойынша есептелді:

$$P = (n / N) \times 100\%$$

Мұнда:

P – көрсеткіштің пайыздық үлесі (%);

n – белгілі бір жауапты таңдаған студенттер саны;

N – сауалнамаға қатысқан студенттердің жалпы саны.

Сауалнаманың нәтижесінде «Инклюзивті білім беру бойынша ұғымдарды білу» бағыты бойынша студенттердің 21%-ы «иә», 79%-ы «жоқ» деп жауап берсе, «Болашақ дене шынықтыру және спорт педагогтері инклюзивті білім беру бойынша нормативті-құқықтық құжаттарды түсіну» бағыты бойынша 37%-ы «иә», 63%-ы «жоқ» деп жауап берген. Ал, «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету» бағыты бойынша 25%-ы «иә», 75%-ы «жоқ» деп жауап берген (1-сурет).



1- сурет. Студенттерге жүргізілген сауалнаманың нәтижесі (бастапқы кезең)  
*Дереккөз: авторлардың зерттеу деректері негізінде құрастырылған*


Бұл сауалнаманың нәтижесі дене шынықтыру және спорт педагогтерін даярлаудағы келесідей инклюзивті мәселелерді анықтауға көмектесті:

- «Инклюзивті білім беру бойынша ұғымдарды білу» бағыты бойынша теориялық түсініктердің жеткіліксіздігі. Білім алушылар «инклюзия», «толеранттылық», «психологиялық-педагогикалық қолдау», «адаптация», «модификация» т.б. ұғымдарды үстірт түсінеді. Терминдер мен нақты категориялар арасын шатастыру басымдығы көрінді.

- «Инклюзивті білім беру бойынша нормативті-құқықтық құжаттарды түсіну» бағыты бойынша нормативтік құқықтық актілерді меңгерудің жеткіліксіздігі. Білім алушылар еліміздегі инклюзивті білім беру туралы заңдармен толық таныспау.

- «Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету» бағыты бойынша психологиялық және педагогикалық ерекшеліктерді түсінбеу.

Жоғарыда айқындалған болашақ педагогтердің инлюзивті білім берудің мәселелерін толеранттылықтың компоненттерімен (түсіну, өзара түсіну, ынтымақтастық) шешуді [10] келесідей жүзеге асырдық (2-сурет).



2 - сурет. Болашақ педагогтердің инклюзивті білім беру мәселелерін шешу механизмдері  
*Дереккөз: авторлардың зерттеу деректері негізінде құрастырылған*

Болашақ педагогтерді инклюзивті білім беру мәселелерін шешуге (2 сурет) байланысты тәсілдемелер, әдістер, технологиялар мен тәсілдерді қолдандық. *«Инклюзивті білім беру бойынша ұғымдар» бағытында* студенттер «инклюзия», «инклюзивті білім беру», «ерекше білім беру қажеттілігі бар бала», «қолайлы орта», «толеранттылық», «педагогикалық қолдау», «психологиялық қолдау т.б. терминдерге ресми түрде зерделеу жасалып, студенттер глоссарий дайындап, арнайы қолданылатын ұғымдарды түсінді.

*«Инклюзивті білім беру бойынша нормативті-құқықтық құжаттарды түсіну» бағытында* студенттер нормативтік құқықтық актілерді меңгеру нәтижесінде халықаралық, үкіметтік, ведомстволық, жергілікті болып топтасатындығын өзара түсінді.

*«Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету» бағытында* студенттер ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды психологиялық және педагогикалық ерекшеліктерді түсіну нәтижесінде оларды қолдаудың жолдары мен технологияларын үйренуде ынтымақтастықта болды.

1-курс студенттермен «Педагогикалық мамандыққа кіріспе» және «АКТ» пәндері барысында жобалау технологиясы қолданылды. Онда болашақ педагогтер зерделеу, коммуникативтік және кәсіби дағдыларды дамытты. Ол базалармен жұмыс жасау кезінде, инклюзивті білім беру әдістерін таңдауда, оларды талқылау, семинарларды ұйымдастыру кезінде табысты болды. Проблемалық оқыту технологиясы инклюзивті білім беру тақырыбына сәйкес ұғымдарды іздеуде, талдауда, дәлелдеуді қажет ететін сұрақтарды шешті. Студенттер семинарларда педагогикалық жағдайларды талдау мен сыни ойлаулары жағдаяттардың шешімдерін іздеуге көмектесті. Интерактивті технологиялар инклюзивті білім беру мәселелерін талқылау кезінде диалог құру, ынтымақтастық орнату, белсенді қатысуда маңызды рөл атқарды. Студенттер бір-бірінің тақырыптарына сәйкес сұрақтарды пікірталастыруда қолданды. Семинар сабақтардың мақсатына сәйкес нәтижесін көрсетуде студенттер модульдік оқыту технологиясын қолданды. Цифрлық технологияларды практика кезінде презентациялар, бейне дәрістер, интерактивті тесттер білім алушылардың қызығушылығын арттырды. Студенттер Moodle, Google Classroom, Canva, Kahoot, Quizizz, Padlet платформаларын жиі қолданды.

Болашақ педагогтермен инклюзивті білім беру мәселелерін талқылауда толеранттылықтың түсіну компонентінде біз түсіндірме-иллюстрациялық әдісті қолдану арқылы инклюзивті білім беру туралы, нормативтік құжаттар туралы т.б. жаңа материалдарды презентациялар, схемалар, бейнелер негізінде түсіндірдік. Ал, репродуктивті әдісті қолайлы орта орнату, сабақты талдау кезінде студенттерге үлгі бойынша әрекеттерді қайталауда, дағдыларды қалыптастыруда орынды болды. Толеранттылықтың өзара түсіну компонентінде біз проблемалық әдісті практика кезінде

шешімдердің жолдарын іздеуде қолдандық. Бұл студенттердің сыни және шығармашылық ойлауын дамытты. Сонымен бірге, эвристикалық әдісті кеңес беруде, рефлексия тапсырмаларды ұсынуда қолдануда, әсіресе нормативтік құжаттарды сабақ тақырыптарына сәйкес зерделеуде маңызды рөл атқарды. Толеранттылықтың ынтымақтастық компонентінде біз талқылау әдісін, кейс әдісін, портфолио және жобалау әдістері жүзеге асырылды. Студенттер педагогикалық жағдаяттарды талдауда, білімдерін практикада қолдануда, бірнеше салалардағы білімді біріктіруге және өзінің жетістіктерін, әзірлемелерін, рефлексияларын жинақтап талдауда өз орынын тапты. Бұл біздің жүйелік, бірізділік, толеранттылық, зерттеушілік тәсілдемелерін орынды қолданғанымыздың көрінісі болып табылады.

Сонымен бірге, 1-курс студенттерімен «Педагогикалық мамандыққа кіріспе» және «АКТ» пәндерін оқытуда болашақ педагогтердің кәсіби даярлығын және толеранттылық компоненттерінің қалыптасуын анықтауға бағытталған педагогикалық тәжірибелік-ізденіс әдістемесі инклюзивті білім беру мәселелерін оқытуда жобалау, проблемалық, интерактивті, модульдік және цифрлық технологиялардың тиімділігін кешенді түрде зерделеуге мүмкіндік берді. Ал, деректерді жинау барысында педагогикалық бақылау әдістемесі семинар және практикалық сабақтарда студенттердің белсенділігін, диалог құруын, ынтымақтастығы мен педагогикалық жағдаяттарды талдауда оң әсер етті. Сауалнама әдістемесі студенттердің инклюзивті білім беру мен толеранттылыққа қатысты түсіну, өзара түсіну, ынтымақтастық деңгейлерін анықтаса, әңгімелесу әдістемесі студенттердің жеке көзқарастарын, рефлексияларын және оқу үдерісіне деген қатынастарын тереңірек талдауға мүмкіндік берді. Эксперимент жүргізу барысында студенттердің теориялық білімдерін практикада қолдану деңгейі, кәсіби және коммуникативтік дағдыларының қалыптасуы жобалық жұмыстар, портфолиолар, презентациялар және цифрлық әзірлемелерін контент-талдау әдістемесі негізінде зерделенді. Жинақталған деректер салыстырмалы талдау әдістемесі арқылы оқу үдерісінің басындағы және соңындағы нәтижелермен салыстырылып, өзгерістер мен даму динамикасын көрсетті. Зерттеу нәтижелерін өңдеу және жүйелеу барысында қорытындылау әдістемесі қолданылып, инклюзивті білім беру мәселелерін зерделеуде қолданылған педагогикалық технологиялар мен әдістердің болашақ педагогтердің толеранттылық, ынтымақтастық және сыни ойлау қабілеттерін дамытудағы тиімділігі дәлелденді. Бұл зерттеуде жүйелілік, бірізділік және зерттеушілік тәсілдемелердің кешенді түрде жүзеге асырылғандығын негіздейді.

#### **Нәтижелер және оларды талқылау.**

Болашақ педагогтердің дене шынықтыру және спорт саласындағы инклюзивті білім беру мәселелерін түсіну, өзара түсіну және ынтымақтастық компоненттері бойынша шешуде жоғарыда көрсетілген механизмдерге (2-сурет) сәйкес экспериментте келесідей нәтижелерге қол жеткіздік: 1) Түсіну компонент бойынша инклюзивті білім беру ұғымдарының айырмашылықтар туралы ғылыми негіздемелердің болуын қабылдау. 2) Өзара түсіністік компонент бойынша білім алушылармен инклюзивті білім беру тақырыптарына сәйкес қарым-қатынас орнату мен ортақ тіл табыса білу. 3) Ұнтымақтастық компонент бойынша бірлескен өзара байланыста педагогикалық-психологиялық қолдауды жүзеге асыру. Сонымен, түсіну, өзара түсіну, ынтымақтастық компоненттер негізінде студенттер арасында инклюзивті білім беру мәселелерін шешуге ықпал етті. Содан кейін сауалнаманы қайтадан жүргіздік (3-сурет).



3 - сурет. Студенттерге жүргізілген сауалнаманың нәтижесі (Соңғы кезең)  
 Дереккөз: авторлардың зерттеу деректері негізінде құрастырылған

Сауалнаманың нәтижесінде «Инклюзивті білім беру бойынша ұғымдарды білу» бағыты бойынша студенттердің 59%-ы «иә», 41%-ы «жоқ» деп жауап берсе, «Болашақ дене шынықтыру және спорт педагогтері инклюзивті білім беру бойынша нормативті-құқықтық құжаттарды түсіну» бағыты бойынша 54%-ы «иә», 46%-ы «жоқ» деп жауап берген. Ал, «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету» бағыты бойынша 73%-ы «иә», 27%-ы «жоқ» деп жауап берген (3-сурет).

Бұл сауалнаманың қорытындысы келесідей нәтижелерді анықтады: 1) Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды білім беру ұйымдарында кіктірілген оқыту тәртібінде жүзеге асыру; 2) Инклюзивті білім беруде сапалы білімге (арнайы, жалпы білім беретін ұйымдарда, үй жағдайында) қолжетімділігін қамтамасыз ету процесін қабылдау; 3) Білім беруде инклюзивті қолайлы жағдай жасау қағидалары тек ғылыми зерттеулерде ғана емес, сонымен қатар саясаткерлердің баяндамаларында, нормативті-құқықтық құжаттарда, педагогикалық жоғарғы оқу орындарының білім беру бағдарламаларында, мамандарға арналған практикалық нұсқаулықта, БАҚ құралдарында баяндалғанын негіздеу.

Біздің экспериментімізге қатысқан студенттердің инклюзивті білім беру мәселелерін қарастыруда білім беру бағдарламасында берілген пәндердің аясында зерделеп, жүзеге асырылды. Әрбір сабақта берілетін тақырыптар арасындағы байланысты толеранттылық компоненттеріне сәйкестендіріп жүргіздік (4-сурет).



4 - сурет. Студенттерге жүргізілген бастапқы және соңғы эксперимент нәтижелері  
 Дереккөз: авторлардың зерттеу деректері негізінде құрастырылған

Болашақ педагогтердің инклюзивті білім беру мәселелерін шешудің бастапқы кезең мен соңғы кезең араларындағы айырмашылықтарын салыстыру арқылы талданды. Студенттердің инклюзивті білім беру мәселелерін *толеранттылықтың түсіну компоненті бойынша* Инклюзивті білім беру бойынша ұғымдарды білу – 57%-ға, Болашақ дене шынықтыру және спорт педагогтері инклюзивті білім беру бойынша нормативті-құқықтық құжаттарды түсіну – 52%-ға, Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету – 46%-ға артқан. Бұл студенттердің инклюзивті білім беру мәселелерін шешуде түсіну келесідей нәтижелерді көрсетеді: инклюзивті білім берудің мазмұны мен қағидаларын тереңірек меңгеру, нормативтік-құқықтық құжаттарды саналы қолдану дағдыларының қалыптасуы, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға көрсетілетін педагогикалық-психологиялық қолдаудың маңызын түсіну деңгейінің артуы. Сондай-ақ студенттердің кәсіби көзқарасында инклюзивті ортаға деген оң қатынас қалыптасып, кәсіби дайындықтың теориялық негіздері айтарлықтай нығайғаны байқалады.

Студенттердің инклюзивті білім беру мәселелерін *толеранттылықтың өзара түсіну компоненті бойынша* Инклюзивті білім беру бойынша ұғымдарды білу – 34%-ға, Болашақ дене шынықтыру және спорт педагогтері инклюзивті білім беру бойынша нормативті-құқықтық құжаттарды түсіну – 26%-ға, Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету – 17%-ға көтерілгендігі анықталды. Бұл студенттердің инклюзивті білім беру мәселелерін шешуде өзара түсіну келесідей нәтижелерді көрсетеді: әртүрлі білім алушылардың жеке ерекшеліктерін қабылдау қабілетінің күшеюі, педагог пен білім алушы арасындағы тиімді коммуникацияның қалыптасуы, сондай-ақ инклюзивті ортадағы қатынас мәдениетінің жоғарылауы. Студенттер ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылармен өзара әрекеттесуде түсіністік таныту, эмоциялық қолдау көрсету және жанашыр қарым-қатынас орнату сияқты маңызды кәсіби дағдыларды меңгере бастағаны анық байқалады.

Студенттердің инклюзивті білім беру мәселелерін *толеранттылықтың ынтымақтастық компоненті бойынша* Инклюзивті білім беру бойынша ұғымдарды білу – 23%-ға, Болашақ дене шынықтыру және спорт педагогтері инклюзивті білім беру бойынша нормативті-құқықтық құжаттарды түсіну – 26%-ға, Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету – 29%-ға түскендігі анықталды. Бұл студенттердің студенттердің инклюзивті білім беру мәселелерін шешуде ынтымақтастыққа келесідей нәтижелерді көрсетеді: инклюзивті білім беру жағдайында бірлескен жұмыс жүргізу, педагогикалық қолдау көрсету командалық тәсілін қолдану, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың оқу процесіне қатысуын ұйымдастыруда бірлескен жауапкершіліктің артуы. Сонымен қатар студенттердің жеке қиындықтарды бірігіп еңсеру, әріптестік қарым-қатынасты сақтау және оқу ортасында өзара көмектесуді жүзеге асыруға деген дайындықтары айқындалды.

**Қорытынды.** Сонымен, инклюзивті білім беру мәселелерін шешуді келесідей қорытындылаймыз:

1) Зерттеу нәтижелері болашақ дене шынықтыру және спорт педагогтерін инклюзивті білім беру жағдайында кәсіби даярлаудың маңыздылығын айқын көрсетті. Инклюзивті білім беруге қатысты ұғымдарды білу, нормативтік-құқықтық құжаттарды түсіну және ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету бағыттарындағы көрсеткіштердің айтарлықтай өсуі студенттердің кәсіби дайындық деңгейінің жоғарылағанын дәлелдеді.

2) Түсіну компоненті бойынша болашақ педагогтердің инклюзивті білім берудің мазмұнын, оның негізгі қағидаларын және құқықтық негіздерін меңгеру деңгейінің артуы олардың инклюзивті ортада жұмыс істеуге деген кәсіби дайындығының нығайғанын көрсетті. Студенттер ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсетудің психологиялық-педагогикалық негіздерін терең түсініп, кәсіби бағыттылықтары мен толерантты көзқарастары қалыптасты.

3) Өзара түсіну компоненті бойынша байқалған оң өзгерістер болашақ мамандардың инклюзивті ортадағы коммуникация мәдениетін, әртүрлі деңгейдегі және мүмкіндіктегі білім алушылармен өзара әрекеттесу қабілеттерін жүйелі түрде дамытқанын көрсетті. Бұл компоненттің өсуі білім алушылардың жеке ерекшеліктерін түсіну, эмпатия таныту және педагогикалық қолдау көрсету барысында тиімді қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік беретіні анықталды.

4) Ынтымақтастық компоненті студенттердің инклюзивті білім беру жағдайында ұжымдық жұмыс жүргізуге, әріптестерімен, ата-аналармен және мамандармен бірлесе әрекет етуге деген қабілеттерінің қалыптасқанын дәлелдеді. Бұл болашақ педагогтердің инклюзивті ортада бірлескен шешім қабылдау, оқу үрдісін ұйымдастыру және ерекше қажеттіліктері бар балаларды қолдау бағытында жауапкершілікті бөлісе алуына ықпал етеді.

Қорыта келгенде, зерттеу нәтижелері инклюзивті білім беру саласындағы түсіну, өзара түсіну және ынтымақтастық компоненттерінің дамуы болашақ дене шынықтыру және спорт педагогтерінің кәсіби даярлығын арттыруда шешуші рөл атқаратынын көрсетті. Болашақ дене шынықтыру және спорт педагогтерінің білім, құқықтық сауаттылық және психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету дағдыларының қалыптасуы инклюзивті білім беру сапасын жақсартуға, білім алушылардың тең мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге және педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға негіз болады.

### Әдебиеттер тізімі

1 Тоқаев Қ.К. Сыздарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі // Қазақстан халқына Жолдауы. – 2 қыркүйек 2019 ж.

2 Реализация Казахстанаюм рекомендаций ОЭСР в области инклюзивного образования: аналитический отчет по итогам мониторингового исследования. – Астана, 2018. – 69 с.

3 Celestino T., Ribeiro E., Morgado E.G., Leonido L., Pereira A. Physical education teachers' representations of their training to promote the inclusion of students with disabilities // Education Sciences. – 2023. – Vol. 14. – № 1. – Pp. 1–49. – URL: <https://www.mdpi.com/2622456>

4 Rodrigues D., Lima-Rodrigues L. Physical education: teacher training and inclusion // Práxis Educativa. – 2017. – Vol. 12. – № 2. – Pp. 317–333. – URL: <https://revistas.uepg.br/index.php/praxiseducativa/article/view/9812>

5 Rojo-Ramos J., Gomez-Paniagua S., Barrios-Fernandez S., Garcia-Gomez A., Adsuar J.C., Sáez-Padilla J., Muñoz-Bermejo L. Psychometric properties of a questionnaire to assess Spanish primary school teachers' perceptions about their preparation for inclusive education // Healthcare. – 2022. – Vol. 10. – № 2. – Pp. 216–228. – URL: <https://www.mdpi.com/1467212>

6 Paquibot P.W.V.I., Poquita J.K., Puentenegro E.G., Pulgo J.L., Tangente K.A.T., Velarde C.D., Quinco-Cadosales M.N. Inclusive teaching practices in physical education for students with special needs // International Journal of Progressive Sciences and Technologies. – 2025. – Vol. 16. – № 2. – Pp. 345–356. – URL: <https://ijpsat.org/index.php/ijpsat/article/view/7400/4793>

7 Zach S. Co-teaching – an approach for enhancing teaching-learning collaboration in physical education teacher education (PETE) // Journal of Physical Education and Sport. – 2020. – Vol. 20. – № 3. – Pp. 1402–1407. – URL: <https://efsupit.ro/images/stories/mai2020/Art%20193.pdf>

8 Rakaа O.B., Bassiri M., Lotfi S. Adapted pedagogical strategies in inclusive physical education for students with special educational needs: a systematic review // Pedagogy of Physical Culture and Sports. – 2025. – Vol. 29. – № 2. – Pp. 67–85. – URL: <https://sportpedagogy.org.ua/index.php/ppcs/article/view/3009>

9 Сейдина М.З. Болашақ әлеуметтік педагогтардың толеранттылығын қалыптастыру: дис. PhD. – Астана, 2018. – 143 б. – URL: <https://nabr.kz/bookView/view/?brId=1582007&simple=true&green=1#>

10 Сейдина М., Бекбаева Ж., Махамбетова Ж. Толеранттылық болашақ педагогтердің сыни ойлауын қалыптастырудың тәсілдемесі ретінде // Вестник КазНУ. Серия «Педагогические науки». – 2025. – Vol. 82. – № 1. – Pp. 28–40. – URL: <https://bulletin-pedagogic-sc.kaznu.kz/index.php/1-ped/article/view/2543>

## References

- 1 Tokaev K.K. Syndarly kogamdyk dialog – Kazakhstannyn turaktylygy men orkendeuin negizi // Kazakhstan khalkyna zholdauy. – 2 Kyrkuyek 2019.
- 2 Realizatsiya Kazakhstanom rekomendatsiy OESR v oblasti inklyuzivnogo obrazovaniya: analiticheskiy otchet po itogam monitoringovogo issledovaniya. – Astana, 2018. – 69 p.
- 3 Celestino T., Ribeiro E., Morgado E.G., Leonido L., Pereira A. Physical education teachers' representations of their training to promote the inclusion of students with disabilities // Education Sciences. – 2023. – Vol. 14. – No. 1. – Pp. 1–49.
- 4 Rodrigues D., Lima-Rodrigues L. Physical education: teacher training and inclusion // Práxis Educativa. – 2017. – Vol. 12. – No. 2. – Pp. 317–333.
- 5 Rojo-Ramos J., Gomez-Paniagua S., Barrios-Fernandez S., Garcia-Gomez A., Adsuar J.C., Sáez-Padilla J., Muñoz-Bermejo L. Psychometric properties of a questionnaire to assess Spanish primary school teachers' perceptions about their preparation for inclusive education // Healthcare. – 2022. – Vol. 10. – No. 2. – Pp. 216–228.
- 6 Paquibot P.W.V.I., Poquita J.K., Puentenegra E.G., Pulgo J.L., Tangente K.A.T., Velarde C.D., Quinco-Cadosales M.N. Inclusive teaching practices in physical education for students with special needs // International Journal of Progressive Sciences and Technologies. – 2025. – Vol. 16. – No. 2. – Pp. 345–356.
- 7 Zach S. Co-teaching – an approach for enhancing teaching-learning collaboration in physical education teacher education (PETE) // Journal of Physical Education and Sport. – 2020. – Vol. 20. – No. 3. – Pp. 1402–1407.
- 8 Rakaa O.B., Bassiri M., Lotfi S. Adapted pedagogical strategies in inclusive physical education for students with special educational needs: a systematic review // Pedagogy of Physical Culture and Sports. – 2025. – Vol. 29. – No. 2. – Pp. 67–85.
- 9 Seidina M.Z. Bolashak aleumettik pedagogtardyn toleranttylygyn kalyptastyru: PhD diss. – Astana, 2018. – 143 p.
- 10 Seidina M., Bekbayeva Zh., Makhambetova Zh. Toleranttylyk bolashak pedagogterdin syni oilaun kalyptastyrudyn tasildemesi retinde // Vestnik KazNU. Seriya “Pedagogicheskie nauki”. – 2025. – Vol. 82. – No. 1. – Pp. 28–40.

## ПРОБЛЕМЫ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКЕ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ ПО ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЕ И СПОРТУ

<sup>1</sup>Ахметшина Г.У., <sup>1</sup>Сейдина М.З., <sup>2</sup>Нигметов К.У. <sup>а</sup>, <sup>1</sup>Есимова Н.Б.

<sup>1</sup>Казахский Национальный университет спорта

<sup>2</sup>Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева

Автор для корреспонденции: Нигметов К.У. [kanatnigm@gmail.com](mailto:kanatnigm@gmail.com)

**Аннотация.** В статье рассматриваются насущные вопросы инклюзивного образования в контексте подготовки будущих специалистов в области спорта, а также роль толерантности как ключевого элемента на пути к его реализации. Обосновывается сущность и необходимость внедрения инклюзивных подходов в сферу физической

культуры и спорта, учитывая специфику будущей профессиональной деятельности выпускников. Авторы обращаются к исследованиям ведущих ученых ближнего и дальнего зарубежья в области образования, представленных в таких источниках, как Oxford University Press, Passport «Euromonitor International», Президентская библиотека им. Б.Н. Ельцина, Polpred, eLibrary, Google Scholar, Национальная академическая библиотека Республики Казахстан, Nauka.kz, чтобы изучить современные технологии и стратегии решения проблем инклюзивного образования. Статья устанавливает связь между инклюзивным образованием с компонентами толерантности и проводит опрос среди студентов 1 курса, обучающихся в Казахском национальном спортивном университете. В опросе приняли участие 359 обучающихся по образовательным программам «6B01407 - Физическая культура и спорт (IP)», «6B01406 Педагог по адаптивной физической культуре». В целях решения проблем, выявленных в ходе анкетирования, рассмотрены механизмы решения проблем инклюзивного образования будущими педагогами физической культуры и спорта в соответствии с компонентами толерантности и даны рекомендации.

**Ключевые слова:** инклюзивное образование, педагог физической культуры, профессиональная подготовка, медицинская модель, социальная модель, толерантность, благоприятная среда.

## ISSUES OF INCLUSIVE EDUCATION IN THE PROFESSIONAL TRAINING OF FUTURE PHYSICAL EDUCATION AND SPORTS TEACHERS

<sup>1</sup>Akhmetshina G.U., <sup>1</sup>Seidina M.Z., <sup>2</sup>Nigmatov K.U. <sup>a</sup>, <sup>1</sup>Esimova N.B.

<sup>1</sup>Kazakh National University of Sports

<sup>2</sup>Eurasian National University named after L. N. Gumilyov

Corresponding author: Nigmatov K.U. [kanatnigm@gmail.com](mailto:kanatnigm@gmail.com)

**Abstract.** The article examines pressing issues of inclusive education in the context of training future specialists in the field of sports, as well as the role of tolerance as a key element in its implementation. It substantiates the essence and necessity of introducing inclusive approaches in the field of physical culture and sports, taking into account the specifics of the future professional activities of graduates. The authors refer to research by leading scientists from near and far abroad in the field of education, presented in such sources as Oxford University Press, Passport “Euromonitor International,” the B.N. Yeltsin Presidential Library, Polpred, eLibrary, Google Scholar, the National Academic Library of the Republic of Kazakhstan, Nauka.kz, to study modern technologies and strategies for solving the problems of inclusive education. The article establishes a link between inclusive education and the components of tolerance and conducts a survey among first-year students studying at the Kazakh National Sports University. The survey involved 359 students enrolled in the educational programs "6B01407 - Physical Culture and Sports (IP) and 6B01406 Adaptive Physical Education Teacher. In order to solve the problems identified in the survey, mechanisms for solving the problems of inclusive education by future physical education and sports teachers in accordance with the components of tolerance are considered, and recommendations are given.

**Keywords:** inclusive education, physical education teacher, professional training, medical model, social model, tolerance, favorable environment.

## Авторлар туралы ақпарат // Информация об авторах // Information about the Authors

**Ахметшина Гүлден Уалихановна** – PhD, Директор департаменті менеджменті және инновациялар департаментінің директоры, Қазақ ұлттық спорт академиясы; Астана қ., Қазақстан.

**Ахметшина Гүлден Уәлиханқызы** – PhD, спорт менеджменті және инновациялар департаментінің директоры, Қазақ ұлттық спорт академиясы; Астана қ., Қазақстан.

**Akhmetshina Gulden Ualikhanovna** – PhD, Director of the Department of Management and Innovation in Sports, Kazakh National Academy of Sports; Astana, Kazakhstan.

**e-mail:** gulden.akhmetshina@knus.edu.kz

**ORCID iD:** 0009-0005-8752-3887

**Сейдина Молдир Зикировна** – PhD, ассоциированный профессор департаменті менеджменті және инновациялар департаментінің директоры, Қазақ ұлттық спорт академиясы; Астана, Қазақстан.

**Сейдина Молдир Зикировна** – PhD, Қазақ ұлттық спорт академиясының спорттағы менеджмент және инновация департаментінің қауымдастырылған профессоры; Астана, Қазақстан.

**Seidina Moldir Zikirovna** – PhD, Associate professor, Department of Management and Innovation in Sports, Kazakh National Academy of Sports; Astana, Kazakhstan.

**e-mail:** m\_seidina@apems.edu.kz

**ORCID iD:** 0000-0002-9106-9147

**Нигметов Канат Уалиденович** – магистр, докторант кафедрі информатика, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева; г.Астана, Қазақстан.

**Нигметов Канат Уалиденович** - магистр, информатика кафедрасының докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті; Астана, Қазақстан.

**Nigmatov Kanat Ualidenovich** – Master, Doctoral student of the Department of Computer Science, L.N. Gumilyov Eurasian National University; Astana, Kazakhstan.

**e-mail:** kanatnigm@gmail.com

**ORCID iD:** 0009-0005-1016-7183

**Есимова Наргиз Бекболатовна** – магистр, сеньор-лектор департаменті менеджменті және инновациялар департаментінің директоры, Қазақ ұлттық спорт академиясы; Астана, Қазақстан.

**Есимова Наргиз Бекболатовна** - магистр, Қазақ ұлттық спорт академиясының менеджмент және спорттағы инновация департаментінің сеньор-лекторы; Астана, Қазақстан.

**Yessimova Nargiz Bekbolatovna** – Master, Senior Lecturer, Department of Management and Innovation in Sports, Kazakh National Academy of Sports; Astana, Kazakhstan.

**e-mail:** n\_yessimova@apems.edu.kz

**ORCID iD:** 0009-0009-8784-0734